

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 1012 P021012_ қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН :

1. "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 3 V022012_ бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджеттік шығыстардың функционалдық сыныптамасында:

12 "Көлік және байланыс" функционалдық тобында 1 "Автомобиль көлігі" кіші функциясында 215 "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі" бағдарлама әкімшісінің 060 "Республикалық маңызы бар автожолдарын қайта жаңарту жөніндегі жобалау-ізвестіру жұмыстары" бағдарламасы мынадай мазмұндағы 043 және 044-кіші бағдарламалармен толықтырылсын:

"043 "Астана қаласын айналып өту" автомобиль жолын көріктендіру жобасын дайындау

044 Оңтүстік Қазақстан облысы автожолдарының учаскелерін күрделі жөндеу жобасын дайындау".

2. Құқықтық және ұйымдастыру жұмыстары департаменті (Е.Е.Исаев) және Бюджет саясаты және жоспарлау департаменті (Б.Т.Сұлтанов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2002 жылғы 16 қыркүйектен бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Министрдің міндетін атқарушы